**Аннотация.** Бұл жұмыста біз модификацияланған гравитация теориялары аясында Ғалам эволюциясының негізгі кезеңдерін талдаймыз. Атап айтқанда, зерттеу метрико-аффиндік гравитация тәсіліне сүйенеді, онда метрика мен аффиндік байланыс тәуелсіз айнымалылар ретінде қарастырылады. Мұндай формализм стандартты метрикалық сипаттаманы кеңейтіп, бұралу мен аффинділік емес үлесін ескеруге мүмкіндік береді, нәтижесінде космологиялық теңдеулердің неғұрлым жалпы құрылымы алынады. Үдемелі ұлғаюды, бәсеңдеу параметрін және күңгірт энергия тығыздығын сипаттайтын теңдеулерді қолдана отырып, біз Ғаламның бастапқыда материя басым болған баяу ұлғаю фазасын басынан

өткергенін көрсетеміз. Уақыт өте келе күңгірт энергияның әсері күшейіп, үдемелі ұлғаю кезеңіне алып келді. Біз Риччи скалярының квадраттық модификациясы бар  $f(R)$  гравитация моделін қарастырамыз; бұл модель метрика-аффиндік формализмде байланыс үшін тәуелсіз вариациялық анықтауға қатысты қосымша еркіндік дәрежесін иеленеді. Мұндай жалпыланған модель Ғаламның динамикалық параметрлерінің эволюциясын неғұрлым икемді сандық сипаттауға мүмкіндік береді. Сандық есептеулер ерте Ғаламда күңгірт энергияның үлесі өте төмен болғанын, бірақ біртіндеп өсіп, бүгінде жалпы энергия тығыздығының шамамен 70%-ын құрайтынын растайды. Біздің нәтижелер бақылаулармен үйлеседі және болашақта күңгірт энергияның үстемдігі жалғасып, ғарыштық кеңеюдің одан әрі үдеуіне әкелетінін растайды. Бұл зерттеу модификацияланған гравитация теориялары, соның ішінде олардың метрико-аффиндік жалпыламалары, космологиялық эволюцияны түсіндіруде стандартты  $\Lambda$ CDM моделіне өміршең балама бола алатынын көрсетеді. Болашақ зерттеулер ұсынылған модельді астрономиялық бақылаулар арқылы егжей-тегжейлі тексеруді және Ғаламның ұлғаю динамикасын анықтайтын негізгі параметрлерді нақтылауды қамтуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** космология, күңгірт энергия, күңгірт материя, бақылау шектері,  $f(R)$  гравитация

*Алғыс:* зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыруымен жүзеге асты (жоба № AP26101851).

©У.А. Уалиханова\*, Е.Е. Курбан, А.М. Сыздыкова,  
А.Б. Алтайбаева, Г.С. Алтаева, 2025.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан.

E-mail: ulbossyn.ualikhanova@gmail.com

## АНАЛИЗ КОСМОЛОГИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ СТАРОБИНСКОГО С ПОМОЩЬЮ ДИНАМИЧЕСКИХ СИСТЕМ

**Уалиханова Улбосын** — PhD, старший преподаватель кафедры общей и теоретической физики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,  
E-mail: ulbossyn.ualikhanova@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2351-0658>;

**Курбан Ермахан** — магистрант 2 курса кафедры общей и теоретической физики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,  
E-mail: kuermahan@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-6639-0437>;

**Сыздыкова Арайлым** — PhD докторант кафедры общей и теоретической физики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,  
E-mail: syzdykovarailym@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8999-6566>;

**Алтайбаева Азиза** — PhD, ассоциированный профессор кафедры общей и теоретической физики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,  
E-mail: aziza.ltaibayeva@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9254-7027>;

**Алтаева Гүлсинай** — магистр естественных наук, старший преподаватель кафедры математики, физики и информатики, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, E-mail: gulsinay.altayeva@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2611-7413>.

**Аннотация.** В этой работе мы анализируем ключевые этапы эволюции Вселенной в рамках модифицированных теорий гравитации. В частности, исследование опирается на подход метрико-аффинной гравитации, в котором метрика и аффинное соединение рассматриваются как независимые переменные. Такой формализм расширяет стандартное метрическое описание и позволяет учитывать вклад кручения и неаффинности, что приводит к более общей структуре космологических уравнений. Используя уравнения, описывающие ускорение расширения, параметр замедления и плотность тёмной энергии, мы демонстрируем, что Вселенная изначально испытала фазу замедленного расширения, в которой доминировала материя. Со временем влияние тёмной энергии стало доминирующим, что привело к фазе ускоренного расширения. Мы рассматриваем модель гравитации  $f(R)$  с квадратичной модификацией скаляра Риччи, которая в метрико-аффинном формализме приобретает дополнительную степень свободы, связанную с независимым вариационным определением связи. Такая обобщённая модель даёт более гибкое количественное описание эволюции динамических параметров Вселенной. Численные расчёты подтверждают, что в ранней Вселенной вклад тёмной энергии был незначительным, но постепенно увеличивался и теперь составляет примерно 70% от общей плотности энергии. Наши результаты согласуются с данными наблюдений и подтверждают гипотезу о том, что тёмная энергия продолжит доминировать в будущем, приводя к дальнейшему ускорению космического расширения. Это исследование подчёркивает, что модифицированные теории гравитации, включая их метрико-аффинные обобщения, могут служить жизнеспособными альтернативами стандартной модели  $\Lambda$ CDM при объяснении космологической эволюции. Дальнейшие исследования могут включать более детальную проверку предложенной модели посредством астрономических наблюдений и уточнения ключевых параметров, управляющих динамикой расширения Вселенной.

**Ключевые слова:** космология, темная энергия, темная материя, наблюдательные ограничения,  $f(R)$  гравитация

**Кіріспе.**  $f(R)$  гравитация сияқты модификацияланған гравитация теориялары іргелі космологиялық бақылауларды, соның ішінде Ғаламның үдемелі ұлғайуын түсіндірудің балама тәсілдерін береді. Бұл модельдер гравитация әрекетіне Риччи скалярынан сызықтық емес функцияларды енгізу арқылы жалпы салыстырмалық теориясын (ЖСТ) қорытады (Nojiri, 2011, 2; Davies, 1980, 2; Riess, 1998, 3; Dimopoulos, 2021, 3). Космологиялық тұрақтының болуын болжайтын классикалық Эйнштейн моделінен айырмашылығы,  $f(R)$  теориялары гравитацияның динамикалық эволюциясын қарастырады, бұл күңгірт энергияны енгізудің қажеті жоқ кейінгі кезеңдегі космологиялық ұлғаюды түсіндіруге мүмкіндік береді (Gamonal, 2021, 3).



Бұл жұмыста  $f(R)$  — гравитация шеңберінде алынған негізгі теңдеулерді қарастырамыз және олардың Ғаламның үдемелі ұлғайуы үшін салдарын талдаймыз. Атап айтқанда, біз Лагранж және Гамильтон формализмін пайдалана отырып, Фридман-Лемейтр-Робертсон-Уолкер (ФРЛУ) метрикасындағы масштаб факторының динамикасын зерттейміз. Бұл метрикадағы Риччи скалярының өрнегі осы өзгертілген теория шеңберінде Ғаламның эволюциясын сипаттайтын қозғалыс теңдеулерін алуға мүмкіндік береді. Біздің талдауымыздың негізгі аспектілерінің бірі үдемелі және баяуланған ұлғаю режимдерінің ауысуын зерттеу болып табылады (Capozziello, 2016, 3; Capozziello, 2008, 2). Бұл ауысу модельдің гравитациялық және космологиялық компоненттері арасындағы тепе-теңдікті анықтайтын масштаб факторының екінші туындысының белгісінің өзгеруімен байланысты. Біз  $f(R)$  функциялардың белгілі бір кластары үшін ұзақ мерзімді үдемелі кеңейтуді немесе тербелмелі шешімді қоса алғанда, әртүрлі эволюция сценарийлері мүмкін екенін көрсетеміз. Зерттеудің тағы бір маңызды бөлігі күңгірт энергияның эффективті күй параметрін және фантомдық шекарадан өту құбылысын талдау болып табылады — қарапайым күңгірт энергияны ( $w > -1$ ) фантомнан ( $w < -1$ ) бөлетін шекара. Біз  $w_{DE}$  күй параметрінің теңдеуі Ғаламның болашақ тағдырын модельдеуде маңызды рөл атқаратын осы шекараны динамикалық түрде кесіп өтуге болатын жағдайларын қарастырамыз (Capozziello, 1996, 2; Paliathanasis, 2019, 2).

Соңында біз Хаббл параметрі  $H$ , баяулау параметрі  $q$  және жалпы тығыздық балансының теңдеуіне зат пен күңгірт энергияның әртүрлі құрамдас бөліктерінің үлесі сияқты бақылау параметрлерін зерттейміз. Бұл параметрлер теориялық болжамдарды бақылау деректерімен байланыстыруға және  $f(R)$  модельдерінің заманауи космологияға жақсы сәйкес келетінін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл жұмыс  $f(R)$  — гравитацияның іргелі аспектілерін және оның Ғаламның динамикасына әсерін, оның ішінде үдемелі ұлғаю мен фазалық ауысуларды зерттеуге бағытталған (Paragiannopoulos, 2018, 2; Cataneo, 2016, 3).

**Зерттеу материалдары.**  $f(R)$  гравитация әрекетін келесі өрнек арқылы жазамыз

$$S = \int d^4x \sqrt{-g} f(R). \quad (1)$$

(1) теңдеудегі модель үшін масштаб факторының түрін біртекті және изотропты Ғаламдағы сфералық координаталардағы Фридман-Лемейтр-Робертсон-Уолкер (ФЛРУ) метрикасымен сипаттап келесідей жазуға болады (Nojiri, 2011, 3; Kumar, 2023, 2)

$$ds^2 = dt^2 - a^2(t) \left[ \frac{dr^2}{1-kr^2} + r^2(d\theta^2 + \sin^2\theta d\phi^2) \right], \quad (2)$$

мұндағы  $a(t)$  — масштаб коэффициенті және  $k$  — кеңістіктің қисықтық параметрі. Бұл метрикада Риччи скаляры төмендегі теңдеу арқылы жазылады

$$R = -6(\dot{H} + 2H^2) = -6\left[\frac{\ddot{a}}{a} + \left(\frac{\dot{a}}{a}\right)^2 + \frac{k}{a^2}\right]. \quad (3)$$

Космологиялық теңдеулерді шығару үшін канондық лагранжды  $\mathcal{L} = \mathcal{L}(a, \dot{a}, R, \dot{R})$  анықтауға болады, мұндағы  $Q = \{a, R\}$  — конфигурация кеңістігі, ал  $\mathcal{T}Q = \{a, \dot{a}, R, \dot{R}\} - \mathcal{L}$  сәйкес анықталған жанама байлам (Qi, 2023, 2).

Олай болса жоғарыдағы теңдеулерді пайдала отырып, келесідей теңдеу аламыз

$$S = 4\pi \int dt \mathcal{L}(a, \dot{a}, R, \dot{R}). \quad (4)$$

(4) теңдеуге (3), (1) теңдеулерді қойып  $a$  және  $R$  тәуелсіз айнымалыларына сәйкес Лагранж көбейткіші алынған теңдеуді аламыз

$$S = 4\pi \int dt \left\{ a^3 f(R) - \lambda \left[ R + 6 \left( \frac{\ddot{a}}{a} + \frac{\dot{a}^2}{a^2} + \frac{k}{a^2} \right) \right] \right\}. \quad (5)$$

(5) теңдеуді  $R$  бойынша туынды алу арқылы  $\lambda$  Лагранж көбейткішін келесідей анықтаймыз

$$\lambda = a^3 f'(R). \quad (6)$$

$f_R = \frac{df}{dR}$  дегеніміз  $f(R)$  функциясының  $R$ -ге қатысты туындысы.

**Әдістері.** (6) теңдеуді (5) теңдеудің орына қоя отырып, бөлшектері бойынша интегралдағаннан кейін Лагранжды табамыз

$$\mathcal{L} = a^3 [f(R) - Rf'(R)] + 6a^2 f''(R) \dot{a} \dot{R} + 6f'(R) a \dot{a}^2 - 6ka f'(R). \quad (7)$$

Кейін  $a$  және  $R$  тәуелсіз айнымалылары және Эйлер-Лагранж теңдеуі  $\frac{d}{dt} \frac{\partial \mathcal{L}}{\partial \dot{a}} = \frac{\partial \mathcal{L}}{\partial a}$  арқылы келесідей теңдеулерді анықтаймыз

$$2 \left( \frac{\ddot{a}}{a} \right) + \left( \frac{\dot{a}}{a} \right)^2 + \frac{k}{a^2} = -p \quad (8)$$

және

$$f''(R) \left\{ R + 6 \left[ \frac{\ddot{a}}{a} + \left( \frac{\dot{a}}{a} \right)^2 + \frac{k}{a^2} \right] \right\} = 0. \quad (9)$$

Атап айтқанда, (9) теңдеуді Лагранж көбейткіші арқылы алынған терминдерде баламалауға болады, ол әдістің сәйкестігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Гамильтондық шектеулерді келесідей жазамыз

$$E_{\mathcal{L}} = \frac{\partial \mathcal{L}}{\partial \dot{a}} \dot{a} + \frac{\partial \mathcal{L}}{\partial \dot{R}} \dot{R} - \mathcal{L} = 0. \quad (10)$$

(10) теңдеу космологиялық эволюцияны сипаттайтын өрнек болып табылады және Ғаламның ұлғаюын табамыз

$$\left(\frac{\dot{a}}{a}\right)^2 + \frac{k}{a^2} = \frac{1}{3}\rho. \quad (11)$$

Жоғарыдағы теңдеулерді қолдана отырып, біз қысымды

$$p = \frac{1}{f'(R)} \left\{ 2 \left(\frac{\dot{a}}{a}\right) \dot{R} f''(R) + \ddot{R} f''(R) + \dot{R}^2 f'''(R) - \frac{1}{2} [f(R) - R f'(R)] \right\} \quad (12)$$

және тығыздықты келесідей анықтаймыз

$$\rho = \frac{1}{f'(R)} \left\{ \frac{1}{2} [f(R) - R f'(R)] - 3 \left(\frac{\dot{a}}{a}\right) \dot{R} f''(R) \right\}. \quad (13)$$

**Нәтижелер мен талқылау.** *Ғаламның үдемелі ұлғаюы.*  $f(R)$  гравитациясы үшін маңызды сұрақтардың бірі, ол Ғаламның үдемелі ұлғаю кезеңін қолдайды ма және баяулау мен үдемелеу арасында ауысулар бар ма? Осы сұрақтар қазіргі таңда ең өзекті мәселе болып табылады. Бұл сұраққа шешім табу үшін, ең алдымен Хаббл параметрінің уақытқа тәуелді теңдеуін жазамыз (Hohmann, 2017, 4)

$$\dot{H} = \frac{d}{dt} \frac{\dot{a}}{a} = \frac{\ddot{a}a - \dot{a}^2}{a^2} = \frac{\ddot{a}}{a} - H^2. \quad (14)$$

Демек, (14) теңдеуден үдеу арқылы келесідей анықтаймыз

$$\frac{\ddot{a}}{a} = H^2 + \dot{H} = -\frac{1}{6}(\rho + 3p) = 0. \quad (15)$$

(13) және (12) теңдеулерді (15) теңдеуге апарып қоямыз

$$\frac{\ddot{a}}{a} = -\frac{1}{6f_R} \left[ -\frac{1}{2} (f(R) - f_R R) - 2f_{RR} \dot{R} H + 3f_{RR} \ddot{R} + 3f_{RRR} \dot{R}^2 \right]. \quad (16)$$

Енді біз үдемелеу мен баяулау арасындағы ауысуға, атап айтқанда  $\ddot{a} = 0$  сызығы арқылы өтетін фазалық кеңістік траекторияларына назар аударамыз. (18) теңдеу нөлге тең болатын шарттарды табу үшін

$$-\frac{1}{6f_R} \left\{ -f(R) + f_R R + 3f_{RR} \dot{R} H + 3f_{RR} \ddot{R} + 3f_{RRR} \dot{R}^2 \right\} = 0, \quad (17)$$

яғни келесідей шарт орындалуы керек

$$f(R) + f_R R + 3f_{RR} \dot{R} H + 3f_{RR} \ddot{R} + 3f_{RRR} \dot{R}^2 = 0. \quad (18)$$

*Ықтимал шарттар:*

Тривиалды жағдай  $f_R \neq 0$ , әйтпесе теңдеу анықталмайды.

(17) теңдеудегі жақша нөлге тең болуы керек, ал бұл өз кезегінде келесі шарттың орындалуына алып келеді

$$f(R) = f_R R. \quad (19)$$

Бұл  $f(R)$  функциясы осы қатынасты қанағаттандыратынын білдіреді

$$3f_{RR}\dot{R}H + 3f_{RR}\ddot{R} + 3f_{RRR}\dot{R}^2 = 0 \quad (20)$$

және  $\dot{R}$  және  $\ddot{R}$  динамикалық мүшелерінің бірін-бірі жоққа шығаруын талап етеді.

Ерекше жағдайлар:

Егер  $\dot{R} = 0$  және  $\ddot{R} = 0$  болса, онда теңдеу келесі түрге ықшамдалады

$$f_R R = f(R). \quad (21)$$

Егер  $H = 0$  болса, тек қалған мүшелері қалады.

Ескере кететін жағдай,  $H = 0$  үшін бұл шарт  $\dot{H} = 0$  алып келіп, тұрақты нүктеге сәйкес келеді, сондықтан бұл жағдайда ешқандай ауысу болмайды. Осылайша, ауысулар тек  $H \neq 0$  кезде, келесідей теңдеу арқылы орындалады

$$H = \frac{3f_{RR}\ddot{R} + 3f_{RRR}\dot{R}^2 - \frac{1}{2}(f(R) - Rf_R)}{2f_{RR}\dot{R}}. \quad (22)$$

*Күңгірт энергия және фантомдық шекара*

Енді күңгірт энергия мен фантомды шекараны өту шарттарын анықтау үшін тиімді баротропты индексті келесідей жазамыз

$$w_{DE} = \frac{p}{\rho}. \quad (23)$$

(13) және (12) теңдеулерді (23) теңдеуге апарып қойғанда алатынымыз

$$w_{DE} = \frac{-\frac{1}{2}(f(R) - Rf_R) + 2f_{RR}\dot{R}H + f_{RR}\ddot{R} + f_{RRR}\dot{R}^2}{\frac{1}{2}(f(R) - Rf_R) - 3f_{RR}\dot{R}H}. \quad (24)$$

Мұнда бізді әсіресе баротроптық индекс -1 мәнінен аз немесе үлкен бе, әлде осы екі мүмкіндіктің арасында динамикалық түрде өзгертін  $H = H^*$  бар ма деген сұрақ қызықтырады.  $w_{DE} = -1$  критикалық мән фантомдық және фантомдық емес күңгірт энергия деп аталатын энергиялар шекарасы болып табылады, сондықтан «фантомдық шекара» ретінде де белгілі.

Келесідей шарт орындалғанда

$$H^{\times} = \frac{f_{RR}\ddot{R} + f_{RRR}\dot{R}^2}{f_{RR}\dot{R}} \quad (25)$$

$w_{DE} = -1$  тең болады, яғни фантомды шекара байқалады.

*Баяулау параметрі  $q$*

Біз енді осы космологиялық модель шеңберінде Ғаламның эволюциясын сипаттайтын негізгі параметрлерді зерттейміз. Біздің модельде күңгірт энергия тығыздығының параметрі

$$\Omega_{DE} = 1 - \frac{f_{RR}\dot{R} - f(R)}{6H^2 f_R}. \quad (26)$$

Бұл теңдеу модификацияланған гравитацияда күңгірт энергия космологиялық тұрақтыдан емес, қосымша қисықтық скалярынан келетінін көрсетеді.

Дәстүрлі түрде кеңістіктік қисықтықпен байланысты  $\Omega_r$  параметрі де анықталады. Дегенмен, бұл параметр біздің модель үшін бірдей жоғалады, өйткені біз FLRW кеңістіктік тегіс кеңістік-уақытпен шектелеміз. Нәтижесінде параметрлер шектеу теңдеуін қанағаттандыратын келесідей теңдеу аламыз:

$$\Omega_m + \Omega_r + \Omega_{DE} = 1. \quad (27)$$

Мұндағы  $\Omega_m$  - зат тығыздығының параметрі,  $\Omega_r$  - сәуле шығару тығыздығының параметрі,  $\Omega_{DE}$  - күңгірт энергия тығыздығының параметрі.

Бұл теңдеу Ғаламның энергия балансын білдіреді және барлық компоненттердің қосындысы 1-ге тең болуы керек екенін көрсетеді, бұл стандартты космологиядағы жалпақ Ғаламға сәйкес келеді.

Бақыланатын параметрлердің тағы бір маңызды жиынтығы,  $H$  Хаббл параметрі арқылы өрнектелген  $q$  баяулау параметрі. Оны келесідей теңдеу арқылы жазамыз:

$$q = -1 - \frac{\ddot{H}}{H^2} = \frac{1}{6f_R H^2} \left[ -\frac{1}{2}(f(R) - f_{RR}\dot{R}) - 2f_{RR}\dot{R}H + 3f_{RR}\ddot{R} + 3f_{RRR}\dot{R}^2 \right]. \quad (28)$$

Бұл теңдеу Ғаламның ұлғаюының баяулауын немесе үдемелеуін көрсететін  $q$  мөлшерін анықтайды.  $q$  теріс мәні үдемелі кеңейуді көрсетеді.

*Старобинский моделі*

Бұдан ары қарай біз (16), (26) және (28) теңдеулерін Старобинский моделі үшін зерттеп, графиктерін тұрғызамыз.

*Старобинский моделі үшін Ғалам үдеуінің эволюциясы  $\ddot{a}/a$*

Старобинский моделі келесідей функция арқылы беріледі

$$f(R) = R + \alpha R^2. \quad (29)$$

Енді (18) теңдеуге (31) теңдеуді апарып қойып, келесідей мәндерді қолдана отырып

$$f_R = 1 + 2\alpha R \quad (30a)$$

$$f_{RR} = 2\alpha \quad (30b)$$

$$f_{RRR} = 0 \quad (30c)$$


$$R = \frac{12}{t+1} \quad (30d)$$

$$H = \frac{2}{t+1} \quad (30e)$$

$$\dot{R} = -\frac{12}{(t+1)^2} \quad (30f)$$

$$\ddot{R} = \frac{24}{(t+1)^3} \quad (30g)$$

график тұрғызайық.



Сурет 1. Ғаламның үдемелі ұлғаю эволюциясының уақытқа тәуелді графигі

1-суретте  $y$  өсі Ғаламның  $(\ddot{a}/a)$  ұлғаюының үдеуін көрсетеді, ал  $x$  өсі уақытты көрсетеді. Бастапқыда (уақыттың шағын мәндерінде) үдеу теріс болды, бұл ұлғаюды баяулатады. Содан кейін ол көтеріле бастап, графиктің соңында ол нөлге жақындады. Бұл бұрын Ғаламның ұлғаюы баяулағанын яғни материяның гравитациялық тартылуына байланысты, бірақ кейін күнгірт энергияның әсерінен жеделдей бастағанын көрсетеді.

1- суретте Ғаламның ұлғаю жылдамдығын қалай өзгертетіні көрсетілген. Енді осы Ғаламның үдеуінің эволюциясындағы төмендегідей шарттарды қарастырамыз:


Егер  $\ddot{a}/a > 0$  болса, онда Ғаламның үдеуінің эволюциясы *үдейді*. Себебі, Ғаламның үдеуінің эволюциясы күнгірт энергияның үстемдік ету фазасына сәйкес келеді.

Егер  $\ddot{a}/a < 0$  болса, онда материя үстемдік еткен кездегі ерте Ғаламға тән болатын баяулау құбылысы байқалады.

Егер  $\ddot{a}/a = 0$  болса, онда осы арқылы өту фазалардың өзгеруін көрсетеді баяу ұлғаюуден жеделдетілгенге дейін.

*Старобинский моделі үшін күңгірт энергияның тығыздығы  $\Omega_{DE}$*

(30a)-(30g) теңдеулерін қолдана отырып, біз қарастырып отырған модель үшін (26) теңдеуде берілген  $\Omega_{DE}$  күңгірт энергияның тығыздығы үшін график тұрғызайық.




Сурет 2. Күңгірт энергия тығыздығының уақытқа тәуелділігінің графигі.

2-суретте  $y$  өсі Ғаламдағы күңгірт энергияның салыстырмалы мөлшерін, ал  $x$  өсі уақытты көрсетеді. Мұнда күңгірт энергияның тығыздығы уақыт өткен сайын арта түсетінін көруге болады. Бұл уақыт өткен сайын күңгірт энергияның Ғаламның эволюциясына қосқан үлесі арта түсетінін білдіреді. 2-суретте Ғаламдағы жалпы энергия тығыздығының қандай үлесі күңгірт энергия екенін көрсетеді. Бастапқы кезеңде  $\Omega_{DE} \approx 0$ , себебі зат пен радиация басым. Уақыт өте келе  $\Omega_{DE}$  өсіп, 1-ге ұмтылады, бұл ағымдағы үдемелі кеңейуді түсіндіреді. Болашақта бұл үрдіс жалғаса берсе, күңгірт энергия толығымен үстемдік етеді. Бұл стандартты космологиялық модельге сәйкес келеді, мұнда қазір  $\Omega_{DE} \approx 0,7$ .

*Старобинский моделі үшін Баяулау параметрі  $q$*

(30a)-(30g) теңдеулерін қолдана отырып, біз қарастырып отырған модель үшін (28) теңдеуде берілген  $q$  баяулау параметрі үшін график тұрғызайық. (30) теңдеудегі  $\dot{H}$  уақыт бойынша  $H$  туындысы арқылы сандық түрде есептеледі.



Сурет 3.  $q$  баяулау параметрінің уақытқа тәуелді графигі.

Бұл параметр Ғаламның жылдамдығын немесе баяулауын көрсетеді.  $q > 0$  болса, Ғалам баяулайды,  $q < 0$  болса, ол жеделдейді.

3-суретте  $q$  теріс екенін көруге болады, бұл Ғаламның үдемелі ұлғаюын білдіреді. Уақыттың басында график сәл көтеріледі, бұл аздап баяулауды көрсетуі мүмкін, бірақ кейін ол теріс мәндерде тұрақтанады.  $q$  баяулау параметрі Ғаламның ұлғаю жылдамдығы қаншалықты жылдам өзгеретінін көрсетеді. Енді шарттар қарастырамыз:

Егер  $q > 0$  болса, Ғалам *баяулайды* (материя үстемдік етеді, тартылыс күші тартады).

Егер  $q < 0$  болса, онда Ғалам үдемелі кеңейеді (күңгірт энергия басым).

Егер  $q = 0$  нүктесінде баяу кеңейтуден жеделдетілген кеңейтуге ауысу орын алады.

Қазіргі космологияда бақылаулар қазір  $q \approx -0,55$  екенін көрсетеді, бұл жеделдетілген ұлғаюды білдіреді.

**Қорытынды.** Бұл жұмыста Ғалам эволюциясының негізгі кезеңдері модификацияланған гравитация тұрғысынан қарастырылды. Ұлғаю үдеуін, баяулау параметрін және күңгірт энергияның тығыздығын сипаттайтын теңдеулерді талдау Ғаламның өткен уақытта материяның гравитациясынан туындаған баяу ұлғаю фазасын бастан өткергенін көрсетті. Дегенмен, уақыт өте келе күңгірт энергияның әсері басым болып, бұл үдемелі ұлғаюға көшуге әкелді.

Риччи скалярының квадраттық модификациясы бар  $f(R)$  –гравитацияның қарастырылған моделі Ғаламның динамикалық параметрлерінің өзгеруін график арқылы сипаттауға мүмкіндік берді. Есептеулер ерте Ғаламда күңгірт энергияның тығыздығы шамалы болғанын растады, бірақ уақыт өте келе оның үлесі артып, қазіргі дәуірдегі жалпы энергия тығыздығының 70% жақындады.

Бұл нәтиже бақылау деректерімен сәйкес келеді және болашақта күңгірт энергияның үстемдігі туралы гипотезаны растайды және Ғаламның одан да көп мөлшерде үдемелі ұлғаюына әкеледі. Зерттеу модификацияланған гравитация теориялары стандартты  $\Lambda$ CDM үлгісімен бірге космологиялық эволюцияға балама түсініктеме бола алатынын көрсетеді. Болашақта астрономиялық бақылаулар

негізінде ұсынылған модельді егжей-тегжейлі тексеру және Ғаламның ұлғаю динамикасын сипаттайтын параметрлерді нақтылау мүмкін болады.

#### Әдебиеттер

- Capozziello S. et al. Noether symmetries in cosmology. *La Rivista del Nuovo Cimento* (1978-1999). — 1996. — T. 19. — C. 1-114.
- Capozziello S., Francaviglia M. Extended theories of gravity and their cosmological and astrophysical applications. *General Relativity and Gravitation*. — 2008. — T. 40. — C. 357-420.
- Capozziello S., SJ G. G., Vernieri D. String duality transformations in  $f(R)$  gravity from Noether symmetry approach. *Journal of Cosmology and Astroparticle Physics*. — 2016. — T. 2016. — №. 01. — C. 015.
- Cataneo M. et al. Cluster abundance in chameleon  $f(R)$  gravity I: toward an accurate halo mass function prediction. *Journal of Cosmology and Astroparticle Physics*. — 2016. — T. 2016. — №. 12. — C. 024.
- Davies P. C. W. Quantum fields in curved space. *General Relativity and Gravitation*. Vol. 1. One hundred years after the birth of Albert Einstein. Edited by A. Held. New York. — 1980. — T. 1. — C. 255.
- Dimopoulos K., Sánchez López S. Quintessential inflation in Palatini  $f(R)$  gravity. *Physical Review D*. — 2021. — T. 103. — №. 4. — C. 043533.
- Gamonal M. Slow-roll inflation in  $f(R, T)$  gravity and a modified Starobinsky-like inflationary model. *Physics of the Dark Universe*. — 2021. — T. 31. — C. 100768.
- Hohmann M., Järv L., Ualikhanova U. Dynamical systems approach and generic properties of  $f(T)$  cosmology. *Physical Review D*. — 2017. — T. 96. — №. 4. — C. 043508.
- Kumar S. et al. New late-time constraints on  $f(R)$  gravity. *Physics of the Dark Universe*. — 2023. — T. 42. — C. 101281.
- Nojiri S., Odintsov S. D. Unified cosmic history in modified gravity: from  $F(R)$  theory to Lorentz non-invariant models. *Physics Reports*. — 2011. — T. 505. — №. 2-4. — C. 59-144.
- Nojiri S., Odintsov S. D. Unified cosmic history in modified gravity: from  $F(R)$  theory to Lorentz non-invariant models. *Physics Reports*. — 2011. — T. 505. — №. 2-4. — C. 59-144.
- Paliathanasis A. Similarity solutions for the Wheeler-Dewitt equation in  $f(R)$ -cosmology. *The European Physical Journal C*. — 2019. — T. 79. — №. 12. — C. 1031.
- Papagiannopoulos G. et al. New integrable models and analytical solutions in  $f(R)$  cosmology with an ideal gas. *Physical Review D*. — 2018. — T. 97. — №. 2. — C. 024026.
- Qi Y. et al. The late-time dynamics of  $F(R)$  gravity dark energy model. *Physics of the Dark Universe*. — 2023. — T. 40. — C. 101180.
- Riess A. G. et al. Observational evidence from supernovae for an accelerating universe and a cosmological constant. *The astronomical journal*. — 1998. — T. 116. — №. 3. — C. 1009.

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)  
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*  
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.12.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
18,0 п.л. Заказ 4.